

Тікелей нәтиже көрсеткіші: салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған спорттық іс-шаралар санының 32 болса, нақты 32 спорттық іс-шара өткізілген немесе жоспар 100, %-ға орындалған.

465007 «Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы» бюджеттік бағдарламасына 1261,0 мың теңге қаралып, қаржылар толық игерілген.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың 8 облыстық спорт жарыстарына қатысуын қамтамасыз ету болса, нақты 8 жарыстарға қатысқан немесе жоспар 100 %-ға орындалған.

2017 жыл

465001 «Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 5307,0 мың теңге қаралып, қаржылар игерілген.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметкерлер штат бірлігін 3 бірлікке жеткізу болса, жоспар 100 % орындалған.

465004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары бюджеттік бағдарламасы 258,0 мың теңге, қаралып, қаржылар игерілген.

465006 «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу» бюджеттік бағдарламасына 1551,0 мың теңге қаралып, қаржылар толық игерілген.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған спорттық іс-шаралар санының 20 болса, нақты 20 спорттық іс-шара өткізілген немесе жоспар 100, %-ға орындалған.

465007 «Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы» бюджеттік бағдарламасына 500,0 мың теңге қаралып, қаржылар толық игерілген.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың 1 облыстық спорт жарыстарына қатысуын қамтамасыз ету болса, нақты 1 жарыстарға қатысқан немесе жоспар 100 %-ға орындалған.

Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

3. Бюджеттік бағдарламаны бекіту және қайта бекіту, ондағы көрсетілген сомалық, сандық көрсеткіштердің бюджеттік өтінімдерде және бекітілген (нақтыланған) бюджетте белгіленген көрсеткіштермен сәйкестігі;

Аудитпен қамтылған кезең аралығында мекеменің 2015 жылға арналған бюджетіне аудандық мәслихаттың шешімдерімен 1 рет өзгерістер енгізілген. Олар:

1) Отырар аудандық мәслихатының 27.03.2015 жылғы №35/203-V шешіміне сәйкес, «Отырар аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 465001011 бюджеттік бағдарламасына Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 548,0 мың теңге, 465006 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу бағдарламасына 1000,0 мың теңге қысқартылып, 465007 «Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы» бюджеттік бағдарламасына 2000,0 мың теңге қосымша қаржы қарастырылып, бюджеттік бағдарламалар өзгертілген соммаға нақтыланған.

Мекеменің бекітілген 2016 жылға арналған бюджетіне 2016 жылы аудандық мәслихаттың шешімдерімен 5 рет өзгерістер енгізілген. Олар:

1) Отырар аудандық мәслихатының 30.03.2016 жылғы №2/9-VI шешіміне сәйкес 465001 «Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік

саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет есебінен 650,0 мың теңге қысқартылып, бюджеттік бағдарламалар қарастырылған сомаға нақтыланған.

2) Отырар аудандық мәслихатының 11.07.2016 жылғы №3/15-VI шешіміне сәйкес 465001 «Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет есебінен 217,0 теңге қысқартылып 465007 «Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы » бюджеттік бағдарламасына 1261,0 мың теңге көлемінде қосымша қаржы қарастырылып, бюджеттік бағдарламалар қарастырылған сомаға нақтыланған.

3) Отырар аудандық мәслихатының 31.10.2016 жылғы №5/33-VI шешіміне сәйкес 465001011 бюджеттік бағдарламасына Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 88,0 мың теңге көлемінде қосымша қаржы қарастырылып, бюджеттік бағдарламалар қарастырылған сомаға нақтыланған.

4) Отырар аудандық мәслихатының 31.10.2016 жылғы №5/33-VI шешіміне сәйкес 465001 «Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет есебінен 412,0 теңге көлемінде қосымша қаржы қарастырылып, бюджеттік бағдарламалар қарастырылған сомаға нақтыланған.

5) Отырар аудандық мәслихатының 07.12.2016 жылғы №7/37-VI шешіміне сәйкес 465001 «Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет есебінен 65,0 теңге көлемінде қосымша қаржы қарастырылып, бюджеттік бағдарламалар қарастырылған сомаға нақтыланған.

Аудитпен қамтылған кезең аралығында мекеменің 2017 жылға арналған бюджетіне аудандық мәслихаттың шешімімен өзгерістер енгізілмеген.

Жалпы аудитпен қамтылған кезең аралығында нақтыланған бюджетке бюджеттік бағдарламалар қайта әзірленіп, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының бұйрығымен бекітіліп отырған.

Бюджеттік бағдарламаны бекіту және қайта бекіту, ондағы көрсетілген сомалық, сандық көрсеткіштердің бюджеттік өтінімдерде және бекітілген (нақтыланған) бюджетте белгіленген көрсеткіштермен сәйкестендірілген.

Бюджеттік бағдарламаларды қайта бекіту кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 195 бұйрығы басшылыққа алынған. Бағдарлама мәселесі тексерілді, бұзушылықтар анықталмады.

4. Бюджеттік өтінімнің жасалуы мен ұсынылуы, сонымен қатар шығыстардың экономикалық жіктелісінің әрбір ерекшелігі бойынша шығыстардың есептемелерін қоса бере отырып, бағдарламалардың әкімшісіне ұсынудың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» № 511 бұйрығының талаптарына сәйкестігі;

Бюджеттік өтінімнің жасалуы мен ұсынылуы, сонымен қатар шығыстардың экономикалық жіктелісінің әрбір ерекшелігі бойынша шығыстардың есептемелерін қоса бере отырып, бағдарламалардың әкімшісіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» № 511 бұйрығының талаптарына сәйкес ұсынылған. Бағдарлама мәселесі тексерілді, бұзушылықтар анықталмады.

5. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан тиісті бюджетке нақтылау және түзетулер жағдайларында бюджеттік өтінімдердің мәслихаттың бюджет туралы шешімдеріне, әкімдіктердің іске асыру туралы қаулыларына сәйкестендірілуі

«Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына сәйкестігі;


Тармақ-1. 2015 жылы 465001, 465006, 465007 бюджеттік бағдарламалары бойынша нақтыланған 1918,0 мың теңгеге бюджетті нақтылау және түзету жағдайларында бюджеттік өтінім сәйкестікке келтірілмеген.

Р/с	Бюджеттік бағдарламаның коды	Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	2015 Жыл		
			Бюджеттік өтінім бойынша мәлімет (мың теңге)	2015 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аудандық мәжіліс туралы шешімі бойынша	Айырма (мың теңге)
1	465001	«Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер»	8706,0	9674,0	+968,0
2	465006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3000,0	3350,0	+350,0
3	465007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы		600,0	+600,0

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының 8 тармағының талаптары бұзылған. (Дәлелді құжат көшірмелері бөлімде қосымша тіркелді).

Тармақ-2. 2016 жылы 465001, 465006, 465007 бюджеттік бағдарламалары бойынша нақтыланған 1563,0 мың теңгеге бюджетті нақтылау және түзету жағдайларында бюджеттік өтінім сәйкестікке келтірілмеген.

Р/с	Бюджеттік бағдарламаның коды	Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	2016 жыл		
			Бюджеттік өтінім бойынша мәлімет (мың теңге)	2016 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аудандық мәжіліс туралы шешімі бойынша	Айырма (мың теңге)
1	465001	«Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер»	11240,0	10938,0	-302,0
2	465004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200,0	200	



3	465006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3400,0	3400,0	0,0
4	465007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	0,0	1261,0	+1261,0

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының 8 тармағының талаптары бұзылған. (Дәлелді құжат көшірмелері _____ бетте қосымша тіркелді).

6. Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) әкімшілерінің (мемлекеттік мекемелердің) міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарын бекітудің және оларды бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынудың уақтылылығы, оларға бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау процесінде өзгерістер енгізудің негізділігі;

Мекемеде аудиторлық іс шарамен қамтылған кезең аралығында міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының бекітілуі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізілген және оларды бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға уақтылы ұсынып отырған. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау процесінде тиісті негіздемелер бойынша мекеменің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізіліп отырған. Яғни қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер мен толықтырулар міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарын өзгертуге өтінімдер мен анықтамалар арқылы жүзеге асырылған. Мекеменің қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізілгенде ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығының талаптары сақталған. Бағдарлама мәселесі тексерілді, бұзушылықтар анықталмады.

7. Бақылау жүргізу кезеңі ішінде дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-күйі, туындау себептері және оларды өтеу бойынша қабылданған шаралар;

Мекеменің 2015, 2016 жылдардың 1 қаңтарына дебиторлық және кредиторлық қарыздар орын алмаған.

Ал мекеменің 2017 жылдың 1 қаңтарына жасалған қаржылық есептілігінде дебиторлық берешек болған. Қазақтелекомға 2,7 мың теңге, 121 ерекшелікте 64,5 мың, 122 ерекшелікте 3,2 мың теңге. Қалыптасқан дебиторлық берешек есепті жылдан кейінгі қаржы жылының бірінші айында толық жабылған. Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

8. Бухгалтерлік есепті жүргізудің және бюджеттік бағдарламаларды орындау жөніндегі есептерді жасаудың анықтығы, тиісті органдарға қаржылық есептілікті жасаудың және ұсынудың заңнамалық актілерге сәйкестігі;

Жалпы мекемеде бухгалтерлік есеп ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту